



Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2025 ж.

"Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) "KEGOC" акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес қызметтер (бұдан әрі - Қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда, осы Шарттың талаптарымен қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Іскерлік Әкімшілендіру магистрі (МВА) бағдарламасы бойынша магистратураның білім беру қызметтері.

1.3. Тапсырыс беруші тапсырма береді және ақы төлейді, ал Орындаушы өзіне Тапсырыс берушінің өкілі Арман Жаңабайұлы Шайханов үшін оқу процесін ұйымдастыру жөнінде қызметтер көрсету міндеттемесін қабылдайды (бұдан әрі - Магистрант) «Іскерлік Әкімшілендіру магистрі» бағдарламасы бойынша Университеттің оқу жоспарларына сәйкес (МВА) (бұдан әрі - МВА бағдарламасы) Шартқа 1, 2-қосымшаларға сәйкес көлемде және сапада өз күштерімен және құралдарымен Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес келетін, Магистрантқа «Іскерлік Әкімшілендіру магистрі» дәрежесін бере отырып (МВА) және МВА бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған адамдарға диплом беру арқылы жүзеге асырылады.

1.4. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда келісілген шарттар Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1.4.1. шарт;

1.4.2. сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі (Шартқа №1 қосымша);

1.4.3. Сатып алынатын қызметтердің техникалық сипаттізімі (Шартқа №2 қосымша);

1.4.4. елішілік құндылық үлесі бойынша есеп нысаны (Шартқа №3 қосымша);

1.4.5. «KEGOC» АҚ Өнім берушілерінің мінез-құлық кодексі (шартқа №4 қосымша);

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.



2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. алдын ала төлем - 1.850.000 (бір миллион сегіз жүз елу мың) теңге, ҚҚС-сыз, 2025-2026 оқу жылы үшін Тапсырыс беруші төлейді

2.5. аралық төлемді - 1.850.000 (бір миллион сегіз жүз елу мың) теңге, ҚҚС-сыз, Тапсырыс беруші 2026-2027 оқу жылы үшін төлейді.

2.6. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.6.1. Электрондық құжат нысанында Шарт шеңберінде көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады;





2.6.2. Шот-фактура / электрондық шот-фактура;

2.7. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.8. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар пакетін уактылы ұсынбауына/қол қоймауына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.9. Шот-фактура/электрондық шот-фактура Тапсырыс берушінің атына салық заңнамасында белгіленген мерзімдерде жазып беріледі. Қосылған құн салығының мөлшерлемесі өзгерген, сонымен қатар Қазақстан Республикасының салық заңнамасы саласындағы өзгерістер болған жағдайда Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі.

2.10. Шарт сомасына міндеттемелерді орындауға және Шарт бойынша қызметтер көрсетуге байланысты Орындаушының барлық шығыстары енгізілген.

2.11. Салықтар мен төлемдер.

2.11.1. Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуі тиіс:

2.11.1.1. Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты есептелген барлық және кез келген салықтарды төлеу үшін толық жауапты болады және Тапсырыс берушіні Қазақстан Республикасының кез келген мемлекеттік органы, соның ішінде салық қызметі Орындаушыға төленген немесе ол Шарт бойынша алған кез келген төлемге байланысты есептеуі және Орындаушыға салуы мүмкін барлық талап етілетін салықтарды немесе алымдарды (өсімпұлдар мен айыппұлдарды қоса алғанда) төлеу үшін кез келген және барлық шағымдардан және жауапкершіліктен босатады және қорғайды.

2.11.1.2. Егер мұндай талап Қазақстан Республикасының заңында, қағидаларында немесе нұсқаулықтарында көзделетін болса, Тапсырыс беруші Орындаушыға төленуі тиіс сомалардан салық төлеу бойынша кез келген соманы ұстап қалады. Орындаушыға кез келген ведомствода Тапсырыс берушіге көрсетілген қаражатты ұстап қалу туралы талаптың заңдылығына дау айтуға мүмкіндік беру үшін Тапсырыс беруші Орындаушыны кез келген осындай талап туралы алдын ала хабардар етеді. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органына ұсталған сома мөлшерінде жүргізген төлем бастапқыда төлем Орындаушыға жасалған сияқты және Тапсырыс беруші осы тәсілмен ұсталған сома бойынша Орындаушының алдында одан әрі жауапкершілік көтермейтіндей Тапсырыс берушінің атынан төленген төлем болып саналады. Тапсырыс беруші Орындаушыға барлық осындай төлемдердің құжатталған куәліктерін ұсынатын болады.


2.11.1.3. Орындаушы салық есептілігін Орындаушының дұрыс толтырмауына байланысты қарсы тексерулердің және/немесе сұратулардың нәтижелері бойынша расталмаған қосымша есептеулер болған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге ҚҚС сомасын қайтаруға міндетті.

2.11.1.4. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемеу) не растамау фактілерін анықтаған жағдайда, соның салдарынан Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС-дан асып кеткен соманы қайтарудан бас тартылатын болса немесе қосымша салықтар есептелсе, онда Орындаушы Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС-ның барлық сомасын, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық өзге де есептелген салықтарды Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді. Осы тармақта көзделген талап Орындаушының өзімен тікелей өзара қарым-қатынастармен шектелмейді, сонымен қатар қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулар расталмаған, ҚҚС қайтарылмаған және Тапсырыс берушіге мемлекеттік органдар ұсынған салықтарды қосымша есептеу және қаржылық санкциялар салу жағдайларына әкеп соққан Орындаушыдан басқа Орындаушылармен өзара қарым-қатынастарына да қолданылады. Бұрын белгіленген көрсетпеу (төлемеу) фактілері бойынша ҚР бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС асып кетуінің Орындаушы өтеген сомасы немесе Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды растамау, Тапсырыс беруші ҚҚС қайтаруға жаңадан берілген талап және бұрын расталмаған сомаларды қайтаруға растау негізінде Тапсырыс берушіге ҚҚС асып кеткен жағдайда Орындаушыға қайтарылуы тиіс. Орындаушының немесе Орындаушылардың бұрын анықталған бұзушылықтардың 1-ші, 2-ші, 3-ші және т.б. деңгейлерін жоюы нәтижесінде Тапсырыс беруші ҚҚС асып кетуінің нақты қайтарымын алғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Орындаушы бұрын өтеген ҚҚС сомасын қайтаруға міндеттенеді.

3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

3.1. Орындаушы Шарттың №1, №2 қосымшаларына сәйкес орны бойынша және мерзімінде қызмет көрсетуге міндетті.

3.2. Тапсырыс берушінің көрсетілген қызметтер актісіне қол қойған күні қызмет көрсету күні болып есептеледі. Қызметтерді Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарт талаптарына сәйкес және Шартқа №1, №2 қосымшаларға сәйкес саны мен сапасы бойынша көрсетеді.





4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда көрсетілетін Қызметтерге құжаттарды, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне (санына) шарттағы елішілік құндылықты есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған Қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға;

4.1.4. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен көрсетуге;

4.1.5. Қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға;

4.1.6. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындаған ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауап беруге;

4.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Қызметтер көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы мүмкін және (немесе) әкеп соққан барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіні дереу ескертуге;

4.1.8. Тапсырыс беруші немесе уәкілетті органдар анықтаған өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы кемшіліктерді және Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын өз есебінен жоюға;

4.1.9. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдерінің қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

4.1.10. «KEGOC» АҚ Өнім берушілерінің мінез-құлық кодексінің талаптарын сақтауға (Шартқа №4-қосымша).

4.1.11. Тапсырыс берушінің магистранттың оқу материалдарымен қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4.1.12. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес оқу жоспарлары мен оқыту бағдарламаларын қалыптастыру;

4.1.13. Магистранттың оқу процесін ұйымдастыру және MBA бағдарламасының оқу пәндерін меңгеруі үшін қажетті жағдайлар жасау

4.1.14. Оқу модуль басталғанға дейін 2 (екі) апта бұрын Магистрантты оқу сабақтарының кестесі туралы хабардар етуге;

4.1.15. Оқу курстарын оқу үшін білікті оқытушыларды іріктеуді жүзеге асыру

4.1.16. Оқу жоспарының талаптарына сәйкес оқытылатын курстар бойынша аттестаттау рәсімдерін жүргізу;

4.1.17. Магистрантты қызықтыратын мәселелер бойынша ақылы негізде консультациялар мен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

4.1.18. Орындаушының кітапхана қорын және e-mail-ті пайдалануды қамтамасыз етуге, сондай-ақ басқа кітапхана қорларын және Internet-ті пайдалану мүмкіндігіне жәрдем көрсетуге;

4.1.19. Магистрантты оқу пәні бойынша аттестаттау нәтижелері туралы аттестаттау күнінен бастап 1 (бір) айдан кешіктірмей хабардар етуге;

4.1.20. Магистрантты MBA бағдарламасында оқытуға қатысты барлық мәселелер бойынша құпиялылықты сақтау;

4.1.21. Оқытудың қазіргі заманғы әдістемелері бойынша оқу сабақтарын өткізуді қамтамасыз ету

4.1.22. MBA бағдарламасы аяқталғаннан кейін MBA бағдарламасының Оқу жоспарының барлық талаптарын орындаған және диссертациялық жұмысын табысты қорғаған Магистрантқа Іскерлік әкімшілік магистрі (MBA) дәрежесін беру туралы диплом тапсырылсын;





4.1.23. Шарт талаптарында көзделген өзінің барлық міндеттемелерін толық көлемде орындауға;

4.1.24. Шартты мерзімінен бұрын бұзған кезде Тапсырыс берушіге оқудан шығару туралы бұйрық шығарылған сәтке дейін ағымдағы оқу кезеңінің оқу процесін ұйымдастыруға байланысты нақты шығындарды шегере отырып, төленген соманы қайтаруға міндетті. Өз еркін білдіруі немесе оқуды жалғастыруға кедергі келтіретін мән-жайлар (басқа жерге көшу, денсаулығын тұрақты жоғалту және т.б.) бұзуға негіз бола алады.

4.2. Орындаушының:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің (құнының) $\frac{1}{4}$ -нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.

4.2.6. Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге құқығы бар.

4.2.7. Магистрантқа оқу жоспарын орындамағаны үшін, MBA бағдарламасы туралы ережеде, Орындаушының Жарғысында көзделген талаптарды бұзғаны үшін әртүрлі тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға;

4.2.8. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Магистратура туралы ережеге сәйкес Магистрантты қабылдау, қайта қабылдау және ауыстыру туралы шешім қабылдауға;

4.2.9. Магистрантты MBA бағдарламасы бойынша ағымдағы аттестаттау нысандары туралы шешім қабылдау;

4.2.10. Оқу процесін жетілдіру мақсатында бағдарлама бойынша оқу сағаттарының жалпы санын азайтпай оқу уақытының 10 (он) пайызынан аспайтын көлемде оқытылатын тақырыптар, оқыту нысандары, оқу сағаттарын бөлу тізбесі бөлігінде оқу жоспарына өзгерістер енгізуге;

4.2.11. Оқу процесіне байланысты регламент пен рәсімдерді белгілеу (кітапханадағы жұмыс тәртібі, компьютерлік сыныпты пайдалану, оқу топтарында кездесулер мен жиналыстар өткізу);

4.2.12. MBA бағдарламасының болжамды оқу жоспарына өзгерістер енгізу;

4.2.13. Ол ауырып қалған немесе өндірістік қажеттілік болған жағдайда оқытушыны немесе MBA үйлестірушісін ауыстыру.

4.3. Тапсырыс берушінің:

4.3.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.


4.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғызып таныстыруға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге міндеттенеді.

4.3.5. Магистрантты бекітілген кестеге сәйкес оқу сабақтары уақытында жұмыстан босату

4.3.6. Магистрантқа оқу жоспарының талаптарын ойдағыдай орындаған жағдайда магистрлік диссертация жазу үшін ұзақтығы 1 (бір) күнтізбелік ай оқу демалысы берілісін.

4.3.7. Осы шарттың 2.3-тармағына сәйкес Магистранттың MBA бағдарламасы бойынша оқуына ақы төлеуге;

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:





4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алуға.

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен бас тартуға.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға. Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтердегі елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Орындаушының қызметіне кез келген уақытта араласпай, Орындаушы көрсететін қызметтердің барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.5. Орындаушыдан ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамауын сақтамаған жағдайда есептелген айыппұлдардың сомасын өндіріп алуға құқығы бар.

4.4.6. Көрсетілетін қызметтердің барысы мен сапасын, сондай-ақ оларды көрсету мерзімдерінің сақталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға;

4.4.7. Егер кемшіліктер немесе олардың сапасының төмендеуі анықталса, қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруды талап етуге;

4.4.8. Егер қызмет көрсету кезінде қызметтердің тиісті түрде көрсетілмейтіні анық болса, кемшіліктерді жою үшін Орындаушыға орынды мерзім тағайындауға;

4.4.9. Осы Шарттың талаптарын орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға;

4.4.10. Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға және егер Орындаушы анықталған кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қолданбаса немесе Орындаушының кінәсінен мерзімінде қызметтер көрсету мүмкін болмаса, Орындаушыға залалды өтемеуге құқылы.

4.4.11. Магистранттың бағдарлама бойынша сабақ үлгерімі мен сабаққа қатысуы туралы ақпарат алуға;

4.4.12. Магистранттың кәсіби-біліктілік қасиеттері мен қабілеттерін сипаттайтын ақпарат алуға;

4.4.13. Егер кемшіліктер немесе олардың сапасының төмендеуі анықталса, қызметтер көрсетуді тоқтата тұруды талап етуге;

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтердің техникалық сипаттізімге және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Тапсырыс берушінің өкілдері көрсетілген қызметтерді осы Шартта көзделген құжаттар негізінде қабылдайды.

5.3. Көрсетілген қызметтердің саны мен сапасы мәселелері бойынша шағымды Тапсырыс беруші Аудиторға қызмет көрсеткен сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде не қабылдаудың әдеттегі тәсілімен анықталмаған кемшіліктерді (жасырын кемшіліктерді) анықтау кезінде ұсынады. Егер Орындаушы 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай талап Орындаушы мойындаған болып есептеледі және Орындаушы өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен хабарлама алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қызметтер көрсетуді тиісінше қамтамасыз етуге және/немесе көрсетілген қызметтердің сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.


5.4. Егер Тапсырыс беруші қызмет көрсеткен сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушыға қызметтердің саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, қызмет Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуі тиіс.

5.5. Қызметтер көрсету аяқталған кезде Орындаушы Тапсырыс берушіге көрсетілген қызметтер актісін, шот-фактураның түпнұсқасын/Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген электрондық шот-фактураны және қызметтердегі елішілік құндылық бойынша есепті ұсынады.

5.6. Актіде көрсетілген қызметтердің атауы көрсетіледі және Шарт шеңберінде Тараптар көрсету қажет деп санайтын кез келген басқа ақпарат енгізілуі мүмкін.

5.7. Актіні ресімдегеннен кейін Орындаушы қажетті құжаттаманы Тапсырыс берушіге береді.

5.8. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтерді қабылдаудан дәлелді түрде бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға көрсетілген қызметтерді қабылдаудан бас тарту актісін қажетті пысықтаулар тізбесімен және оларды орындау мерзімдерімен жібереді. Бұл жағдайда Орындаушы анықталған кемшіліктер мен сәйкессіздіктерді өз есебінен жоюға және көрсетілген қызметтерді қайта





қабылдауға құжаттар пакетін ұсынуға міндетті.

5.9. Көрсетілген қызметтерді қабылдау рәсімі Тапсырыс берушінің талаптарын қанағаттандыратын нәтиже алынған сәтке дейін қайталанатын. Бұл ретте Тапсырыс берушінің Шарт бойынша қызметтерге ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерінің басталуы осындай рәсім мерзіміне ұзартылады. Орындаушы көрсетілген қызметтердің кемшіліктерін жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші қызметтердің құнын төлеуге құқылы.

5.10. Егер кемшіліктер көрсетілген мерзімдерде жойылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шартта көзделген санкцияларды біржақты тәртіппен қолдануға, Шартты бұзуға және Орындаушыдан осындай бұзуға байланысты залалдар мен шығыстарды өтеуді талап етуге құқылы.

5.11. Қызметтер Тапсырыс беруші немесе оның уәкілетті өкілі актіге қол қойғаннан кейін көрсетілген болып есептеледі.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Орындаушы көрсетілетін қызметтерге қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген қызметтердің сапасына кепілдік береді. Орындаушы осы Шарт бойынша көрсетілген қызметтердің қызметтерді қалыпты пайдалану кезінде материалдармен немесе жұмыспен байланысты кемшіліктердің болмауын қамтамасыз етеді.

6.2. Орындаушы Шарт бойынша көрсеткен қызметтер Шартқа 2-қосымшаның талаптарына сәйкес келуі, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талаптарын толық қанағаттандыруы тиіс.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Орындаушы Шартта көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамаған жағдайда және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Тапсырыс берушінің талаптары орындалмаса, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

7.2.3. Орындаушы Шартта көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.4. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге әрбір мерзімі өткен күнтізбелік үшін анықталған кемшіліктер сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ анықталған кемшіліктердің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.2.5. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе мүмкін болмаған жағдайда, Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарт сомасының 10%-ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.


7.2.6. Шарттың 8.10-тармағында көзделген тәртіппен Шартты бұзған кезде Тапсырыс беруші Орындаушыдан Шарт сомасының 10 (он) пайызы мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.3. Орындаушы Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Орындаушының өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.4.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде өсімпұл төлеуі тиіс, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспауы тиіс.

7.4.2. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісіне қол қояды кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік күн үшін көрсетілген қызметтер актісі сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ көрсетілген қызметтер актісінің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.





7.4.3. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер шарт талаптары бойынша Тапсырыс берушінің қызмет көрсету үшін орындаушыға құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Орындаушы шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

7.5. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен «Самұрық-Қазына» АҚ сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпарат жібереді.

7.6. Егер өсімпұл (айыппұл) сомасы 5000 (бес мың) теңгеден кем болған жағдайда өсімпұлды (айыппұлды) ұстап қалу туралы хабарлама Орындаушыға тек электрондық почта немесе факсимильдік байланыс арқылы жіберіледі.

7.7. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда;

8.3.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда. Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға өзі нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.3.4. Шарт талаптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған жағдайда;

8.3.5. Тәртіптің 31-бабының 1-тармағында көрсетілген жағдайларда;

8.3.6. Тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда.


8.4. Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеген кезде бұзылуы мүмкін.

8.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұлдың сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

8.6. Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуі тиіс, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ шартты бұзудың күшіне ену күні айтылуы тиіс. Шарт бұзылған кезде Тапсырыс беруші орындаушыдан Шарт сомасының 10 (он) пайызы мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы. Шарттың 8.3-тармағының 8.3.1, 8.3.3-тармақшаларында көзделген тәртіппен Шартты бұзған кезде Орындаушы шартты орындаумен байланысты нақты шығындар үшін ғана шартты бұзған күні төлемді талап етуге құқылы.

8.7. Егер Шартты орындау кезеңінде Орындаушының уақтылы қызмет көрсетуіне кедергі келтіретін мән-жайлар туындаса, Орындаушы 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге кідіріс фактісі, оның болжамды ұзақтығы және себебі(себептері)туралы жазбаша хабарлама жіберуге міндетті.

8.8. Шартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа қосымша жазбаша келісім түрінде ресімделеді.





8.9. Шарт Тараптар арасындағы өзара келісім бойынша бұзылуы мүмкін. Бұл жағдайда Шартты бұзуға бастамашы болған Тарап өзінің ниеті туралы кемінде 20 (жиырма) күнтізбелік күн бұрын екінші Тарапты жазбаша хабардар етуге міндетті. Бұл жағдайда шартты бұзу Тараптардың міндеттемелерді орындауды аяқтау және Тараптар арасында түпкілікті есеп айырысуларды жүргізу мәселелері реттелетін бұзу туралы келісімге қол қоюымен ресімделеді.

8.10. Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір басқа санкцияларға нұқсан келтірместен Тапсырыс беруші Орындаушыға бұзу туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.10.1. егер Орындаушы Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шартты ұзарту кезеңі ішінде қызмет көрсете алмаса;

8.10.2. егер Орындаушы қызмет көрсету барысында анықталған және Тапсырыс беруші көрсеткен кемшіліктер мен сәйкессіздіктерді Тапсырыс беруші айқындаған уақыт кезеңі ішінде жоймаса;

8.10.3. егер Орындаушы Шарт бойынша өзінің қандай да бір басқа міндеттемелерін орындай алмаса;

8.10.4. егер Орындаушы Шарт бойынша қызметтердің бір бөлігін немесе барлық көлемін орындамаса. Бұл ретте Тапсырыс беруші Орындаушыдан Шартты бұздан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

8.11. Тапсырыс беруші Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 13) тармақшасында көзделген жағдайларда Шарт сомасын Орындаушы негіздеген және Тапсырыс беруші растаған сомаға ұлғайтудан бас тартқан кезде Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

8.12. Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс берушінің экономикадағы төтенше жағдайға немесе басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты шығыстары қысқарған жағдайда не алқалы атқарушы органның/ бақылау кеңесінің (алқалы атқарушы орган/басқару органының бақылау кеңесі/жоғары органы болмаған жағдайда (қатысушылардың жалпы жиналысы) шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда бұзылады. Бұл ретте осы қызметтерді ағымдағы жылы сатып алуға жол берілмейді. Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Орындаушыға нақты жұмсалған шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алмасуды жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және егер өзгеше түрде айтылмаса, онда хат алмасудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кідірістерсіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сай немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Шарт нөмірі бар тараптардың деректемелері болуы тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуы тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұратулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуға және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, почта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық почтамен тапсырылуы тиіс.

9.4. Курьерлік почтамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс (авиа) хатпен жіберілген хабарлама почта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің почтаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілген болып есептеледі.


10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және тараптар шарт бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейін дейін жарамды, ал өзара есеп айырысулар бөлігінде олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін егер ол еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш жағдайлары» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс, табиғи немесе дүлей апаттар, эпидемия, карантин, эмбарго және басқалар сияқты әрекеттерді қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкіндігі болмаған Тарап екінші Тарапқа осындай жағдайлар басталған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың болжамды мерзімі туралы жазбаша нысанда (хабарлама) хабарлауға, сонымен қатар осындай мән-жайлардың туындау фактісін растайтын Қазақстан Республикасының құзыретті орган берген құжаттарды ұсынуы тиіс.





12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады, бұл ретте барлық даулар қаралуға жатады. Соттарда Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісінмін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

